

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 19 ақпанда № 13137 болып тіркелді

Қоса беріліп отырған Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары бекітілсін.

Осы бұйрық

2016 жылғы 1 қыркүйектен 1 сыныптар үшін,

2017 жылғы 1 қыркүйектен 2,5,7 сыныптар үшін,

2018 жылғы 1 қыркүйектен 3, 6, 8,10 сыныптар үшін,

2019 жылғы 1 қыркүйектен 4, 9, 11,12 сыныптар үшін қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Бағалауға арналған негізгі құжаттар тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру **стандарты** (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім)
2. **Оқу бағдарламасы** (пән бойынша)
3. **Оқу жоспары** (пән бойынша)
4. Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін **критериалды бағалау ережесі** (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру);
5. **Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық**
6. **Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық**
7. **Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық**
8. **Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы**
9. **Жиынтық бағалауға арналған ұсыныстар**
 - Бағалау критерийлері, тапсырмалар үлгілері, дескрипторлар, балл, бөлім бойынша рубрикалар
 - Бағалау критерийлері, тапсырмалар үлгілері және тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері




- Пән мазмұнының **спиралді қағидатпен** берілуі




- оқытудың **тәрбиелік әлеуетін арттыру**, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;



- **Блум таксономиясы** бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;



- білім беру деңгейлері аралығында **пән бойынша сабақтастықты ескеруге** мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;



- бір білім беру аясындағы және **пәнаралық байланыстарды** жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі



- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың **уақыт талабына сәйкес келуі**, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;



- оқу үдерісін **ұзақ мерзімді**, орта мерзімді және қысқа мерзімді **жоспарлар** арқылы ұйымдастыру;




- оқытудағы **жүйелі-әрекеттік ұстаным** (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны



Критериалды бағалаудың құрылымы



Критериалды бағалау

Қалыптастырушы бағалау - оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, оқу үдерісін **балл және баға қоймай-ақ дер кезінде түзетуге** мүмкіндік береді және мұғалім үздіксіз өткізіп отырады

Жиынтық бағалау - белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша **балл және баға қою арқылы өткізіледі**

Қалыптастырушы

Сабақ барысында
қолданылады

Тәжірибелік білімін
өлшейді

Оқуды түзету үшін кері
байланыстың қажеттілігі

Бағаға әсер етпейді

Жиынтық

Оқуды аяқтаған кезде
қолданылады

Оқуды аяқтаған кезде
материалды меңгеруін
өлшейді

Кері байланыс беру
маңызды емес

Қорытынды баға қою үшін
қолданылады

Бағалау жүйелеріндегі айырмашылықтар

Сипаттамалар	Нормативті бағытталған бағалау (қазіргі таңда орын алатын жүйе)	Критериалды бағалау (мазмұнды жаңарту шеңберіндегі жүйе)
Оқушылардың нәтижелерін салыстыру аймағы	Оқушылардың оқу жетістіктерін басқа оқушылардың оқу жетістіктерімен салыстыру	Оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлерге негізделген күтілетін нәтижелермен салыстыру
Бағалаудың түрлері	Ағымдағы бағалау – мұғалімнің жүйелі түрде бағаны тіркеу арқылы үнемі жүргізіп отыратын бағалауы	<p>Қалыптастырушы бағалау– мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді)</p> <p>Жиынтық бағалау- оқушылардың белгілі бір оқу кезеңін аяқтағандағы оқу жетістіктерінің деңгейі (бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау)</p>
Қорытынды бағалау нәтижесі	Оқушының барлық бағалары орта арифметикалық негізде қойылады	Бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағаның пайыздық ара қатынасы ретінде қойылады.

Қалыптастырушы бағалауда

- **Мұғалімнің қызметі :**
 - оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анық жазады;
 - бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастырады,
 - тапсырмаға дескриптор құрастырады;
 - оқушыларға тиімді кері байланыс береді;
 - оқыту мен оқу үдерісіне түзету енгізеді

Қалыптастырушы бағалауда

• Оқушы:

- Оқу үдерісіне белсене қатысады;
- Бағалау критерийлері мен дескрипторларды түсінеді;
- Өзін-өзі бағалайды/бірін-бірі бағалайды

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Кері байланыс – оқу үдерісінің барысы туралы түсінік қалыптастырудың бірден бір құралы.

Кері байланыстың түрлері: ауызша, жазбаша, визуалды (символ, смайл, мимика, жест)

Кері байланыстың маңызы:

- Оқу міндеттері мен мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.
- Мұғалімді оқушының жетістіктері мен қиындықтары туралы хабардар етеді.

Жиынтық бағалау үдерісі


Бөлім/Ортақ тақырып бойынша

- Бөлім бойынша оқу мақсаттарын қамтиды;
- Жаратылыстану және тілдік пәндерден *бөлімдер* бойынша, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерден *ортақ тақырып* бойынша ұйымдастырылады ;
- 15-20 минут уақыт беріледі;
- Ойлау деңгейлері мен бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізіледі;
- Балл дескрипторларға сәйкес қойылады;
- Оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша (төмен, орта, жоғары) кері байланыс беріледі;
- Тоқсандық бағаға әсер етеді (50%);

Тоқсан бойынша

- Тоқсандағы барлық бөлімдердегі оқу мақсаттарын қамтиды;
- » Жаратылыстану және тілдік пәндерден *бөлімдер* бойынша, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерден *ортақ тақырып* бойынша ұйымдастырылады ;
- Сабакқа берілген уақытта орындалады;
- Жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес өтеді
- Нәтижесі балл қою ережесіне сәйкес қойылады;
- » Тоқсандық бағаға әсер етеді (50%)

Қазақ тілі пәнінен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үлгісі



Тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаттары
Менің отбасым және достарым	Жазылым	2.3.7.1. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкестігіне белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі).
	Оқылым	2.2.1.1 Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Бағалау критерийі	<p>Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) анықтайды.</p> <p>Мәтіннің құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) белгілейді.</p> <p>Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратады және сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қояды.</p>

Тапсырма. Бөлім/ортақ тақырып бойынша ЖБ, Қазақ тілі, 2-сынып.

Дескриптор	Балдар
мәтінге сұрақ қояды;	1
мәтіннің түрін анықтайды;	1
хабарлы сөйлемді анықтайды және тиісті тыныс белгісін қояды.	1

Төмен	Орта	Жоғары
Мәтінге сұрақ қоюда және мәтіннің түрін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтінге сұрақ қоюда / мәтіннің түрін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда оқушылардың нәтижелерін тіркеу үлгісі


Бастауыш сыныптардың оқу жетістіктері деңгейін анықтау шәкілі

Деңгей	%
Жоғары	81%-100%
Орта	41%-80%
Төмен	0%-40%

Бөлім бойынша ЖБ	Оқушы балы	Максималды балл	%	Деңгейі
№1	7	10	70%	Орта
№2	8	10	80%	Орта
№3	4	12	33,3%	Төмен

**Балдар мен бағалардың есебі автоматты түрде электрондық журналда жүзеге асырылады*

Оқушылардың тоқсандық бағасын есептеу үлгісі



1-бөлім /о.т. бойынша ЖБ	2-бөлім /о.т. бойынша ЖБ	3-бөлім /о.т. бойынша ЖБ	Тоқсандық ЖБ
--------------------------	--------------------------	--------------------------	--------------

Балл	Макс. балл	Балл	Макс. балл	Балл	Макс. балл	Балл	Макс. балл
7	10	8	10	4	12	15	20
	15%		15%		20%		50%
2,1	3	2,4	3	1,3	4	7,5	10

Балды бағаға айналдыру шәкілі (бастауыш сыныптар үшін)

"1"	0-20%
"2"	21%-40%
"3"	41%-60%
"4"	61%-80%
"5"	81%-100%

$2,1 + 2,4 + 1,3 + 7,5 = 13,3$ из 20
13,3 ~ 66,5%

Оқушының тоқсандық бағасы «4»

Оқушылардың жылдық бағасын есептеу үлгісі

Оқушылардың 1-4 тоқсандардағы нәтижесі

1-тоқсан			2-тоқсан			3-тоқсан			4-тоқсан	
Оқушы балы	Макс. балл	+	Оқушы балы	Макс. балл	+	Оқушы балы	Макс. балл	+	Оқушы балы	Макс. балл
13,3	20		16	20		24	30		15	20

Оқушының жылдық бағасы

Төрт тоқсан бойынша балл қосындысы

$$13,3 + 16 + 24 + 15 = 68,3 \quad (90)$$

Барлық балдар

Оқушы балы	Макс. балл
68,3	90

68,3 ~ 75,9 %

Балды бағаға айналдыру шәкілі

"1"	0-20%
"2"	21%-40%
"3"	41%-60%
"4"	61%-80%
"5"	81%-100%

Оқушының жылдық бағасы «4»

Тоқсандық және жылдық бағаны есептеу

Жиынтық бағалау	Пайыздық мөлшері
Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау	50%
Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	50%
Тоқсан бойынша қорытынды баға	100%

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша кері байланыс құралы - РУБРИКА

- **Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес оқу жетістігінің деңгейлерін көрсету құралы**

Білім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыру қажет. Білімалушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпарат рубрика түрінде беріледі.

- **Рубрикада мұғалім әрбір оқушы үшін әрбір критерий бойынша оның қол жеткізген оқу жетістігінің деңгейін белгілеп көрсетеді**

Рубрика үлгісі

Білім алушының аты-жөні	<i>Асқар ТТ</i>		Пән Сынып	Математика 1
Тоқсан <u>3</u>	«Теңдік және теңсіздік. Теңдеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау			
Бағалау критерийлері	Оқу жетістігінің деңгейі			
	Төмен		Орта	Жоғары
Теңдік, теңсіздік, теңдеуді ажыратады	Теңдік, теңсіздік, теңдеулердің айырмашылықтарын ажыратуда қиналады		Теңдік, теңсіздік, теңдеулердің айырмашылықтарын ажыратуда қателеседі ✓	Теңдік, теңсіздік, теңдеулерді дұрыс ажыратады
Тура және тура емес теңдіктерді анықтайды	Тура және тура емес теңдіктерді анықтауда қиналады.		Тура теңдіктерді / тура емес теңдіктерді анықтауда қателеседі ✓	Тура және тура емес теңдікті дұрыс анықтайды.
Берілген мәні бар әріпті өрнектің мәнін табады	Әріпті өрнектердің мәнін шығаруда қиналады		Әріпті өрнектердің мәнін мәнін шығаруда қателеседі	Әріпті өрнектердің мәнін дұрыс шығарады ✓
Санды және әріпті өрнектерді салыстырады	Санды және әріпті өрнектерді салыстыруда қиналады		Санды/ әріпті өрнектерді салыстыруда қателеседі	Санды және әріпті өрнектерді дұрыс салыстырады ✓
Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығарады	Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығаруда қиналады		Есептің қысқаша шартын жазуда/ есептің сұрағын анықтауда/ есептің шешуін жазуда/ жауабын жазуда қателеседі	Есептің шартын толық жазады және шешуін дұрыс шығарады
Мұғалімнің қосымша пікірлері:	<p>Деңгейі-орта (15-тен 11 балл, 73%), сөйсе, жарайсың, әріпті өрнектермен берілген тапсырманы жағары орындайсың, дұрыс есептегенсің.</p> <p>Асқардың:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теңсіздіктің не екенін; - тура емес теңдіктерді бағалай анықтауға бағалыма; - есептің шартын анықтауды (қысқаша шартты жазу, есептің сұрағын жазу) байтақпен бағары. 			

Мұғалімнің аты-жөні: Астамова ТТ

Оқушылардың оқу жетістіктері нәтижелерін тіркеу

Сынып журналы

- оқушылардың сабаққа қатысуы
- бөлімшелердің тақырыптары
- тоқсандық және жылдық бағалар

Электрондық журнал

- жиынтық бағалаудың балдары (бөлім/ортақ тақырып, тоқсандық)
- тоқсандық және жылдық бағалар

Оқушы табелі

- тоқсандық және жылдық бағалар

Оқушы портфолиосы

- жиынтық бағалау жұмыстары (бөлім/ортақ тақырып)
- жиынтық бағалау жұмыстары (тоқсандық)

- **Сынып журналы** - мектептің әрбір мұғалімі және сынып жетекшісі жүргізуге міндетті мемлекеттік құжат болып табылады.
- **Электронды журнал** – оқушылардың оқу жетістіктерін тіркейтін жүйе; жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырып, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.
- **Үлгерім табелі** – оқушылардың сыныптағы жалпыға міндетті стандартқа сай пәндер бойынша тоқсандық және жылдық (қорытынды) бағалары мен педагогикалық кеңесінің қаулысы жазылатын құжат.

ПОРТФОЛИО

❖ **Оқушының портфолиосы** – оқушылардың нақты бір кезеңдегі жеке оқу жетістіктерін белгілеу мен бағалау бойынша жинақтау, тіркеу тәсілі.

Мұғалімнің портфолиосы - пән бойынша оқыту мен бағалаудың практикасын көрсететін материалдарды жинақтау, тіркеу тәсілі.

Оқушы портфолиосы. Ұсынылатын ҚҰРЫЛЫМ

- Негізгі беті;
- Пән бойынша бөлгіштер;
- Бөлім, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары, мысалы: бағалау критерийлері бар жазба жұмыстары, презентациялар, эссе және т.б.;
- Мұғалімнің ұсыныстары, пікірлері, кері байланысы;
- Оқушының рефлексиясы.



Қазіргі таңдағы журнал

Образец действующего журнала

Наименование предмета математика

Ф.И.О. учителя Сименюков Б.П.

№ п/п	Месяц														№ п/п	Число, Месяц	Темы	Домашнее задание
	ноябрь	декабрь	Число															
			19	26	29	3	6	10	17	20	27							
1	Алижанов Аманжол		4	5		5			5		5	1		Многочлен и его				
2	Алижанов Юрий		5		5		н	5		5	2		19.11 Стандартный вид					
3	Байжан Шығай			5		4	н		4	4	4	3		Действия над мно-				
4	Балашинов Евгений		4		5		4	4		4	4		26.11 степенями					
5	Васильев Кирилл		4			4			4	4	5		Функциональные					
6	Мелеши Ксения		4		3			3		3	3	6		19.11 Круг				
7	Метов Максим			3		4		2		3	3	7						
8	Мухомов Виктор		3			3	н	н		3	н	3	8		Абсолютные			
9	Зуренов Кенжетай		2		3		н		2		2	9		3.12 таспақты				
10	Клонов Елена			2		2	н			2	2	10		6.12 Раббитур. таспақты				
11												11						
12												12		10.12 Телмен таспақты				

Мазмұнды жаңарту шеңберіндегі журнал

Наименование предмета Математика

Ф.И.О. учителя Кемелгеринов Б.М.

№ п/п	Месяц	Расчет оценки за ЧЕТВЕРТЬ												Число, Месяц	Темы	Домашнее задание		
		Баллы СО за разделы учебной программы в четверти				Балл СО за четв.	% СОр (макс 50%)	% СОч (макс 50%)	Сумма %	Оценка за четверть								
		СОр 1	СОр 2	СОр 3	СОр 4													
		Максимальные баллы																
	Число																	
	Список обучающихся	19/06	29/3	6	10/17	20/27	10	20	30		50	% СОр (макс 50%)	% СОч (макс 50%)	Сумма %	Оценка за четверть			
1	Акимжанов Күреш						1	10	20	30		50	90%	90%	100%	5	Многочлены и их	
2	Кыдышев Юри	Н					2	9	18	27		45	45%	45%	90%	5	Стандарты функции	
3	Асеткин Шығай						3	8	16	24		40	40%	40%	80%	4	Действия над многочленами	
4	Баламбетов Мухамед						4	7	14	21		35	35%	35%	70%	4	Многочлены	
5	Валиев Күреш				Н		5	6	12	18		30	30%	30%	60%	4	Функции	
6	Алиев Кемел						6	5	10	15		25	25%	25%	50%	3	Функции	
7	Алиев Максим						7	4	8	12		20	20%	20%	40%	3	Несомненно	
8	Алиев Виталий			Н			8	3	6	9		15	15%	15%	30%	3	Касания	
9	Алиев Кемел						9	2	4	6		10	10%	10%	20%	2	Касания	
10	Алиев Кемел						10	1	2	3		5	5%	5%	10%	2	Касания	

Қазіргі таңдағы күнделік

Месяц Март

Предмет	Домашнее задание	Оценка	Подпись учителя
1. Лит. чт	с 97 в тему		
2. Физ. эз			
3. Рус. эз			
4. Физ. эз			
5. ИЗО			
6.			
7.			

Понедельник
23.03.14

1. Окр. мир			
2. Матем			
3. Физ. эз			
4. Рус. эз			
5. Лит. чт			
6.			
7.			

Вторник
24.03.14

1. ИЗО	с 22 зад. Т(а,б) + дм.з.		
2. Матем			
3. Физ. эз			
4. Рус. эз			
5. ИЗО-б			
6. ИЗО-а	ЧЗСЗ-Б пересказ пожарную		
7.			

Среда
25.03.14

Для заметок



Месяц Март апрель

Предмет	Домашнее задание	Оценка	Подпись учителя
1. Лит. чт	Т.э. № 137, 126 с 97 дм.з.		
2. Матем			
3. Физ. эз			
4. Рус. эз			
5. Окр. мир			
6.			
7.			

Четверг
26.03.14

1. Рус. эз	4, 44	5	ИЗ
2. Матем			
3. Музыка			
4. Физ. эз			
5. Тех. эз	Будь маме в школе	2	ИЗ
6.	за 20.03.		
7.	(использовать и тетрадь)		

Пятница
27.03.14

1.			
2.	Поведение: в/гнев:		
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			

Суббота
28.03.14

Подпись классного руководителя

Подпись родителей

ИЗ
ИЗ

Мазмұнды жаңарту шеңберіндегі күнделік

МЕСЯЦ _____ Март _____

Дни и Числа	ПРЕДМЕТ	ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ
-------------	---------	------------------

ПОНЕДЕЛЬНИК <u>4</u>	<u>Лит. чит.</u>	
	<u>Каз. яз.</u>	<u>с. 97 в тект.</u>
	<u>Рус. яз.</u>	
	<u>Матем.</u>	
	<u>УЗО</u>	

ВТОРНИК <u>5</u>	<u>Поэзия</u>	
	<u>Физ.-мат.</u>	
	<u>Рус. яз.</u>	
	<u>Матем.</u>	
	<u>Лит. чит.</u>	

СРЕДА <u>6</u>	<u>УКПТ</u>	<u>с. 22 зав 1(а,б)</u>
	<u>Матем.</u>	
	<u>Каз. яз.</u>	<u>стих өзге.</u>
	<u>Англ. яз.</u>	

Для заметок _____

МЕСЯЦ _____ Март _____

Дни и Числа	ПРЕДМЕТ	ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ
-------------	---------	------------------

ЧЕТВЕРГ <u>7</u>	<u>Лит. чит.</u>	
	<u>Матем.</u>	<u>Шт. № 131, 126</u>
	<u>Физ.-мат.</u>	<u>с. 41 зпр. 3</u>
	<u>Каз. яз.</u>	
	<u>Поэзия</u>	

ПЯТНИЦА <u>8</u>	<u>англ. яз.</u>	<u>вопрос. нов. сн.</u>
	<u>матем.</u>	<u>4, 44</u>
	<u>музыка</u>	
	<u>УЗО</u>	
	<u>теория</u>	

КОММЕНТАРИИ УЧИТЕЛЯ

4 марта. 😊 Хорошо отвечаешь на вопросы по тексту.

4 марта. 😞 Допускаешь ошибки при вычислениях. Постарайся в работе с таблицей.

Подпись классного руководителя _____ *[подпись]*

Подпись родителей _____ *[подпись]*